

2015 жылдың әскерге шақыру участкесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 13 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 4138 болып тіркелді. 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабы 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру участкесіне тіркеу жылды он жеті жасқа толатын 1998 жылды туған Қазақстан Республикасының ерек жынысты азаматтарын, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Хромтау ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарын тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) азаматтардың әскерге шақыру участкесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын, тіркеу қорытындысы туралы 2015 жылдың 10 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Аспеновке жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Усманғалиев